

A. AXAHOBÄ

**ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕР
(Ж.БАЛАСАҒҮН «ҚҰТТЫ БІЛІК», А.ЙҮГІНЕКИ «АҚИҚАТ СЫЙЫ»)
ТІЛІНДЕГІ ҚАБЫСА БАЙЛАНЫСҚАН СӨЗ ТІРКЕСТЕРІНІң
СИНТАКСИСТИК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Қазақ тілінің шығу тегін, қалыптасуын зерттеуде ортағасырылғы ескерткіштер тіліндегі ерекшеліктерді қазіргі тіліміздегі қолданыстарымен, даму сипатымен тарихи салыстыра зерттеудің манызы зор.

Орта ғасырларда ауызекі сөйлеу тілімен қатар жазба тіл қалыптасып дами бастады. Қараханид мемлекетінің аумағында бүкіл Орта Азияға тараған жазба тілде көп жанрлы көркем әдебиет дамып, күнделікті іс қағаздары, дипломатиялық қағаздар жазыла бастады. Кейін бұл тілдің негізінде шағатай әдеби тілі, оның негізінде Хорезм әдеби тілі, кейінгі замандарда Алтын Орда әдеби тілі т.б. жазба тілдер қалыптасып, бүкіл түркі әлемін қамтыды.

Ал біздің макаламызға негіз болып отырған ортағасырлық ескерткіштер – Ж.Баласағұнның «Құтты білігі» мен А.Йүгінекидің «Ақиқат сыйы» еңбектері оғызы-қыпшақ бірлестігі тілдеріне тән мұралар болып табылады.

Еліміз егемендік алғанға дейінгі кезенде ежелгі өдеби жәдігерлер жүйелі түрде зерттелген емес. Тек жекелеген түркітанушы және шығыстанушы ғалымдар ғана ежелгі өдеби жәдігерлерді іздестіру, көне қолжазбалардың мәтінін сараптау, басқа тілдерге тәржіма жасау, баспасөзде жариялау істерімен айналысты.

Жалпы «Құтты білікті» кең көлемде зерттеу мен оны басқа тілдерге аударуда келелі істер тындырыған академик В.В. Радлов болды.

Галымдардың көпшілігі тіл тарихын, көне жазба ескерткіштер тілін лексикологиялық, фонетикалық, морфологиялық түрғыдан кеңірек талдайды. Ал оның синтаксисінің зерттелу жайы әлі де болса кенжелеп келеді.

Соңғы жылдары сөз тіркесі синтаксисі қолға алынып, зерттеліп жатқанымен, сөйлем синтаксисінде кезек күтіп тұрған маңызды мәселелер баршылық. Орхон-Енисей жазба ескерткіштері, «Жамиғ-ат тауарих» секілді жазба жәдігерлердің синтаксисі соңғы уақытта кандидаттық диссертация көлемінде (Ж.Сәдуақасұлы, З.Жуынтаева) сөз болып жүр. Ал А.Йүгінекідің «Ақиқат сыйы», Ж.Баласағұнның «Құтты білік» сияқты туындыларының синтаксистік құрылымы көптеген жаңа

проблемаларды туғызып қоймай, тың тақырыптарға жол ашады.

Ортағасырлық мұралар ішіндегі ақыл-білімге, адамгершілікке үндейтін, адам мүмкіндігінң шексіздігін, оның өзін қоршаған дүниен танып-білу ерекшелігін, таным процесіндегі ғылымның орны жайында баяндайтын Ж. Баласағұнның «Құтты білігі» – баға жетпес мұра. Сонымен қатар ислам дәүірінің этикалық, моральдық, дидактикалық мәселелерін зор білігрлікпен жырлаған сөз зергерлерінің бірі А. Йұғинекідің «Ақиқат сыйы» шығармасы да түркі халықтарының тілі мен әдебиетінің тарихын, олардың тамырын талдау ісінде таптырмайтын құнды мұра болып табылады.

Біз осы мақаламызда ортағасырлық кезең ескерткіштерінің синтаксистік күрылымын, оның ішінде қабыса байланысқан сөз тіркестерін қазіргі тілдін дамуы турғысынан зерделеуге тырысамыз.

Кабысу синтаксистік байланысу формаларының ең көне түріне жататынын тіл мамандары өркезде айтып келеді. Бұл пікір тіл деректерімен дәлелденген. Түркі тілдерінің материалдары да осы пікірдің дұрыстығына көз жеткізеді. Мәселен, адамзат тілінің аморфты кезінде сөз бер сөз іргелесіп келіп орын тәртібі арқылы байланысқан, сөздердің мағынасы мен қызметі сол арнаға қарай айқындалған. Қазіргі түбір мен косымшалар да бір кезде бір-бірімен қабыса байланысқан, әрқайсысы дербес лексикалық мағынаға ие сөз болғандығын салыстырмалы тарихи тіл білімі өкілдері дәлелдеп береді. Қабысадың түркі тілдерінде де көне синтаксистік құбылыс екенін, синтаксистік байланыстың басқа түрлерінің осы негізде кейін пайда болғандығын көне түркі жазбалары тілін зерттеуші В.В. Радлов, В.М. Насилов сияқты ғалымдар қабысадың кейінгі тілдер-мен салыстырғанда, көне түркі тілдерінде қолданылу аясының көн болғанын айтады.

Сөз тіркестері компоненттерінің арасын байланыстырудығы аналитикалық тәсілдің бір кезде синтетикалық тәсілден басым болғанын XI ғасырдағы түркі жазбалар тілін зерттеуші F.A. Абдрахманов та көрсетеді [1]. Мысалы, «*Күлер үйз исинг соз үл нән тавар*» деген сөйлемде (аудармасы:

«Тарататын бүйімінды жылы сөзбен, куанышты жүзінмен үлестір»). Мұндағы «*кулар үз үле*», «*исинг сөз үле*» тіркестерінің белшектері қабыса байланыскан. Ал қазіргі тілімізде олардың бағыныңды сынарлары міндепті түрде көмектес септік жалғаудың қабылдайды.

Қабыса байланыскан есімді сөз тіркестерінің басыңды сынарлары әр уақытта есім, негізінен, зат есім болып келеді. Әйткені зат есімдер өзінің лексика-грамматикалық мағынасына орай басқа сөздерді өзінің жетегіне алып, сөз тіркесін қурауға үйіткі болып түрады. Заттық мағынаны білдіретін сөздер тобы (зат есімдер) үйіткі, үйімдастыруши сөз ретінде қолданылғанда, түр, тұс, сын, сапаны білдіретін сын есімдер, анықтауыштық қызметте жұмсалатын сан есім, есімшелер, есімдіктермен тіркесуге бейім түрады да, анықтауыштық қатынастағы сөз тіркестерін құрайды.

Жұмыссызыға негіз болып отырған Ж. Балласағұнның «*Құтты білік*» және А. Йүгінекидің «*Ақиқат сыйы*» ескерткіштері тілінде кездесетін анықтауыштық қатынастағы қабыса байланыскан сөз тіркестерін талдау барысында олардың қазіргі қолданысқа өте жақын екенін анықтай отырып, сонымен қатар қабыса байланыскан сөз тіркестерінің, яғни синтаксистік үлгінің қалыптасуы көне дәуірлерден басталатындығына көз жеткіземіз. Мәселен, «*Құтты білікте*»: *билигсиз киши* (білімсіз кісі), *өкүш сөз* (көп сөз), *артук асығ* (артық пайда), *йаңғылғы ер* (жайсан ер), *еки түрлүк ат* (екі түрлі ат), *билигліг бег* (білімді бек), *уқушуз кишиләр* (акылсыз кіслер), *узун йол* (ұзак жол), *қамуғ түрлүг иш* (неше түрлі іс), *узун сақынч* (терен қайғы), *йалған сөз* (жалған сөз), *севүг жан* (сүйікті жан), *йайыг дүнийа* (баянсыз дүние), *йазуқұлғы құл* (күнәй құл), *билигсиз үрәк* (білімсіз кеуде) т.б. Мұндағы узун сақынч (ұзын сағыныш) деген тіркесті алып қарасақ, бүгінгі танда өлшемдік ұғымды білдіретін «ұзын» сөзі дерексіз ұғымдағы «сағыныш» сөзімен тіркеспейді. Ескерткіш тілінде қолданылуына қарап, біз үлкен сөздің (ұзын) мағынасы сол дәуірде *сарыла күту* мағынасын білдіретін тіркес құрамындағы мағынасымен (ұзактық) қатар қолданылғанын, сонымен қатар актив қолданыста болғанын байқаймыз. Мәселен, ескерткіш тіліндегі узун кеч *йашағыл ашаіу елиг* (елден асқан ұзак өмір жаса) деген сөйлемде де узун кеч (ұзын өмір) түрінде қолданылған. Ал «*Ақиқат сыйында*»: *билигліг киши* (білімді кісі), *билигліг тиши* (білімді әйел), *ахы ер* (жомарт ер), *едгу ат* (жаксы ат), *едгу ер* (ізгі ер), *көраклик сөз* (көректі сөз), *хой қылық* (жуас қылық), *көркүлгү қылық*.

(сүйкімді қылық), *қаралмсыз киши* (кайырымсыз кісі), *йемишилиз үйігач* (жеміссіз ағаш), *йараглық ас* (тәуір ас), *йазуқұлғы қиши* (жазықты кісі), *харам ол ғул* (алқызыл құл), *асығсыз жадал* (пайдасыз егес), *тетиг ер* (ұқыпты ер), *едгу иш* (жақсы іс), *қатығлғы маза* (опасыз рахат), *құтсыз адұ* (құтсыз дүшпан), *уқуышсыз ер* (акылсыз кісі), *қатығ ယа* (қатты садак) т.б. түрінде кездеседі.

Келтірілген мысалдардың ішінде *хой қылық* (жуас қылық – кой қылық) деген тіркес бар. Қазіргі тіліміздегі «*кой*» мен «*қылық*» сөздері тіркеспейді. Алайда бұдан біз тіліміздегі «*көй мінезді*» деген тұрақты сөз тіркесінің қалыптасу ізін анфарамыз. Жалпы ескерткіштер тілінде қазіргі танда дерексіз зат есімдермен тіркеспейтін сын есімдердің дерексіз зат есімдермен тіркесуі жиі қолданылады. Мәселен, *көркүлгү қылық* (көрікті қылық). Сондықтан да болар Б. Сағындыков оны «*сүйкімді қылық*» деп аударған.

Сонымен қатар осындай қабыса байланыскан сөз тіркестерін талдау арқылы біз таза тілдік қолданыстарды (кірме сөздерсіз) жиі кездесетіреміз. Мәселен, *йараглық ас* (тәуір ас – Б. Сағындықұлы), *асығсыз жадал* (пайдасыз егес – Б. Сағындықұлы), *қаралмсыз киши* (кайырымсыз киши – Б. Сағындықұлы) деген сөздер тіркесіндеңдегі *йараглық*, *асығсыз*, *қаралмсыз* деген анықтауыштарды алсақ, *йараглық* – жаракты, жарамды деген түрде қолданылса, қазіргі тіліміздегі «*пайдасыз*» сөзі *асығсыз* түрінде, яғни «*асу*», «*асып-тасу*», «*артылу*» деген ұғымның араб-парсы тілінен енген «*пайда*» сөзінің орнында қолданылуы, сол сияқты *қаралмсыз* (кайырымсыз) сөзінің «*қайырылмайтын*» деген мәнде тіркесуі тіл тазалығынан, сөздік қордың тазалығынан хабар берсе керек. Өмір, қоғам процесімен етene жақын тіл – жанды құбылыс. Ол үнемі өзгеріп отырады, оған өлеуметтік-саяси өмір, өзге тілдердің әсері үлкен.

Ал «*ал ғұл*» тіркесінің құрамындағы «*ал*» қазір «*алқызыл*» түрінде, яғни «*қызыл*» сөзімен бірігіп қолданылады. «*Ал*» – түркінің төл сөзі. Үлкен сөз қазір орыс тіліне еніп (алая роза), сол тілде дербес қолданылады. Негізінде «*отты*, *жалынды*», «*алаулат түр*» деген тіркеспен суреттеу тәсілі тілімізде бар. Мұндағы алаулау деген туынды етістік құрамындағы ал түбірі жоғарыдағы мысалдағыдан мағынамен сабактас (қызыл түске боялу). Үлкен сөз жеке түрде қолданылмай, тек осындай бірлі-жарым сөздерде қосымша арқылы көрініс береді. Осындай мысалдарды талдау арқылы біз тіл тарихына тереңдей ене аламыз.

Бұлардан басқа ескерткіштер тілінде сан есім мен зат есімнің қабыса байланысы да жиі кез-деседі. Сан есім сөз берін зат есім қабысу амалы арқылы сөз тіркесін құрғанда, олар өзара анықтауыштық қатынасқа түседі. Бағыныңқы компонент ретінде енген сан есім сөз заттың сандық сынын, сапасын білдіреді. Тіркеске сан есімнің жинақтық деп аталатын түрінен басқасы түгел қатыса алады. Сан есім мен зат есімнің тіркесі «Құтты білікті» түмән сөз (он мың сөз), мың соқуши (мың сөгіз), екәнгү ажсун (екі дүниеде), үч нәң (үш нәрсе), бір йаяғың (бір жауын), бір сөз (бір сөз), бір қылыш (бір жен), бір қапуг (бір қақпа), екки күнлүг (екі күндік), үч айығ (үш ай), еки көз (екі көз), еки сунуб (екі қол), еки ев (екі үй), еки аяқ (екі аяқ) т.б., «Ақиқат сыйында» бір күн (бір күн), бір адын ер (бір еркек), бір байат (бір құдай), бір ана (бір ана), бір ер (бір ер), бір бина (бір үй), мың ер (мың кісі), бір душман (бір дұшпан), бір айб (бір айып) т.б. түрінде қолданылған.

«Тұмән сөз» тіркесінің құрамындағы «тұмән» сөзі туралы М.Томанов былай дейді: «Қүрделі сандық атаулардың кейін пайда болуын дәлелдейтін тағы бір факт – өте көп астрономиялық сандарды білдіретін сөздер көне түркі тілінде ба-йырғы сөздер негізінде жасалмай, басқа тілдерден ауысқан сөздер арқылы берілуі. Көне түркі тіліндегі *тұмен* (он мың, осымен байланысты тұмен – арық жер атаяу), *бан* (хинди тілінен, он мың) сөздері түркі тілдерінде әртүрлі байланыстар арқылы сырттан енгені анық. Қазіргі тіліміздегі миллион, миллиард, триллион сан есімдері де сондай» [2,243]. Ал бұл сөз бізге әскер жасақтарында мыңдықтарды «тұмен» деп атап жасақ-белгілі.

Қазақ тілі синтаксисімен айналысқан С. Аманжолов сөйлем мүшелерінің жасалу жолдарына қатысты да пікірін береді. Сөз таптарының сөйлем мүшелерін, сөз тіркестерін жасаудағы өзіндік ерекшеліктерін мысалдар арқылы дәлелдеп беріп отырады.

Қазіргі тіліміздегі анықтауыштардың жасалу жолдарына тоқтала келіп, есімдіктердің ішінде анықтауыштық қатынастағы сөз тіркестерін жасауда, әсіресе, сілтеу есімдіктерінің жиі қолданылатынын дұрыс көрсетеді. Жалпы осы есімдіктер мен зат есімнің қабыса байланысуы ескерткіштер тілінде қазіргіге өтे жақын мәнде жүмсалады. *Муну сөз* (мынадай сөз), *бу булмуш* (бұл дүние), *бу сөз* (бұл сөз), *қамуг едгүлүк* (бар ізгілік), *бу қылқы* (бұл қылғы) *бу байт* (мына бәйіт), *қамуг иши* (барлық іс), *барча иши* (барша іс),

барча иғлиг (барша игілік), бу сақынч (бұл қайғы), не сөз (қандай сөз), қамуг халқ (бүкіл халық), қамуг нәң (барлық нәрсө), бұтун ел (бүкіл ел), неча айбы (қанша айбы) деген тәрізді тіркестер «Құтты біліктө» кездессе, ал «Ақиқат сыйында» бу китап (бұл кітап), бу халқ (бұл халық), қамуг тил (барлық ел), қамуг айб (барлық айып), қамуг ажсун (барлық дүние), неча ер (небір ер), неча пур һунар (неше бір өнер), не иши (кайсыбір іс), бу тирмақ (бұл тіршілік), қамуг нең (барлық нәрсө) сияқты тіркестер қолданысқа ие. «Есімдік – зат есім» типті қабыса байланысқан сөз тіркестеріне бағыныңқы компонент ретінде сілтеу есімдіктері, сұрау, жинақтау есімдіктері катысады.

Жоғарыдағы мысалдардағы «Құтты білікте» қолданылатын мұну сөз (мынадай сөз) тіркесі құрамындағы «мұну» есімдігіне келсек, қазіргі түркі тілдерінде мына, мынау есімдіктерінің дыбысталуы мынандай: башқұрт – *бынау*, қарақалпак – *мынау* т.б. Түркі тілдерінің біразында мұндағы есімдік жок, оның мәнінде басқа сөздер қолданылады. Қазіргі казақ тілінде *мынау*, *мұнда*, *мұндаи*, *бұндаи* тәрізді есімдік немесе есімдік негізі басқа сөздер де бар. Сонда *мына*, *мынау*, *мұнда*, *бұнда* сөздерімен салыстырып қарасақ, бұлардың барлығына ортақ түбір – *мын*, *мұн*, *бұн*. Алайда дыбыстық ерекшеліктеріне қарай бұлардың әркайсысы дербес түбір емес, бір ғана түбірдің фонетикалық варианты. Бұл жерде түркі тілдеріне ортақ, сол сияқты қазіргі қазақ тілі құрамында да ұшырасатын дыбыс сәйкестіктері бар: **м-б, ы-ұ**. Ал мынау сөзінің құрамындағы –у элементі жөнінде біршама сенімді болжамды В.М.Насилов айтады [3,23]. Ол үйғыр т.б. түркі тілдерінің фактілері –у, -ву сілтеу есімдігінің қыскарған варианты екендігін дәлелдейді. Ал ву есімдігі үйғыр тілінде *манаву* есімдігінің құрамында сақталса керек. Ал қазіргі тіліміздегі *neshебір* есімдігінің құрамындағы бір сөзі ескерткіштер тілінде қолданылмайды. Мәселен, *нече ер* («Ақиқат сыйы») – неше бір ер (қазіргі қолданыста). Мұндаиді тіркестер құрамындағы өзгерістер жеке сөз таптарының тарихын талдауда негізгі дерек, дәлел ретінде керек-ак. «Ақиқат сыйындағы» мына бір екі сөйлемді салыстырып қарасақ, бірінші – *Нече тетиг ердин бирап саһу келүр* (Небір ұқыпты ерден бірер мұлт кетеді), екіншісі – *Нече пур һунарда бирап айб болур* (Небір асқан өнерде бірер айып болады) деген мысалдарда неше сұрау есімдігі екі түрлі құрамда кездеседі (*Нече ер*, *нече пур һунар*). Бұған қарап XII ғасырларда неше сөзі жеке тұрып та, бір

сөзімен тіркесіп келіп те сөз тіркесін жасауға қатысқанын аңғарамыз. Ал бұлардың соңғысы (*neshе bіr өнер*) қазіргі тілімізде кездескенімен, алғашқысы (*neshе ер*) қазіргі тілімізде қолданыста жок.

Сонымен бірге ескерткіштер тілінде етістіктің есімше тұлғасы мен зат есімнің қабыса байланысуы да кездеседі. Мәселен, *тұгмиши елиг* – түйілген жұдырық, *севмиши киши* – сүйген кісі, *етинмиши келин* – жасанған келін («Құтты білік»); *корған киши* – көрген кісі, *йаңшаган тіл* – мылжындаған тіл, *егилмас көңіл* – жібімес көңіл, *тегилмас мұрад* – қол жетпес мұрат, *бермаган ел* – бермеген ел, *оңалмас йиг* – жазылмас ауру, *есиз қылған ер* (жамандық жасаған ер), *келған иш* – болған іс, *учған күш* – ұшқан құс т.б. («Ақиқат сыйы»). Жалпы қабысу амалы арқылы зат есімді тіркеске енген есімше сөздер анықтауыштық қатынаска түседі. Бұлар зат есімнің кимылдық, процессуалдық сапасын атайды. Процессуалдық мағынасын сақтағандықтан, бұлар шақтық грамматикалық мағынасынан ажырамайды. Етістіктің **-ған**, **-ген** формалы есімшелері анықтауыш сөз ретінде өткен шақтық кимыл-әрекетті сындық тұрғыдан аныктайды.

Келтірлген мысалдарда «Ақиқат сыйында» кездесетін *тегилмас мұрад* (қол жетпес мұрат) деген тіркестің бағыныңқы сынары «*тегилмас*» – қазіргі тілімізде «тимес» сөзінің **г-и** аудысуы негізіндегі қолданысы (*тұгмиши* – түйілген дегендегі төрізді – «Құтты білік»). Сонда тимес мұрат деген тіркесім шығады, яғни тимейтін, қол жетпейтін мұрат деген мағынада қолданылады. Ал қазіргі тілімізде «тимес» сөзі «*мұрат*» деген сөзben тіркеспейді. Бұған қарап ескерткіштер тілінде тиу, жету етістіктерінің мағыналық қолданысы бір болғанын көре аламыз. Сол сиякты келу, бару етістіктері де осындағы негізде қолданылады: *келған иш* – болған іс («Ақиқат сыйы»).

Сөйлем сөздердің кездейсөк тобынан құралмайды, оның өзіндік құрылымдық, мазмұндық сипаттары болады. Сөздер тіркесінің құрамы да өзіндік маңызға ие. Бұл белгілі бір мағыналық қарым-қатынастың көрінісі ретінде сипат алады. «Құтты біліктегі»: *Тилин емгәмиши ер неку турешит // Бу сөзкө ишкө тутығыл өзүңгө иш ет* (Тілін тақылдатқан кісі не дейді, тында, Бұл сөзді іске асыр, өзіне үлгі ет) деген жолдардағы *тилин емгәмиши ер* (тілін тақылдатқан кісі) деген көп құрамды тіркес сөйлем құрамындағы белгілі мағыналық байланыс, мазмұндық сипат негізінде тір-

кеекен. Ескерткіш тіліндегі анықтауыштық қатынаста қолданылып тұрған «емгәмиши» сөзінің құрамындағы **–миш** есімше тұлғасын қазіргі қазақ тілінде **–ған** (-ген, -кан, -кен) грамматикалық тұлғасы аудыстырған. Мұндай анықтауыштық қатынастағы есімше мен зат есімнен тұратын қабыса байланысқан көп құрамды тіркестер екі ескерткіш («Құтты білік», «Ақиқат сыйы») тілінде де жи кездеседі: «Құтты білікте»: *евә қылмыш ишләр* – асығып істеген іс, *кутун құмыши ер* – бақытын тапқан ер т.б.; «Ақиқат сыйында»: *санып созлаган ер* – ойланып сөйлеген кісі, *таккабур тутар ер* – жамандық жасаған кісі, *тикан тарыған йер* – тікен еккен адам т.б. қолданылған.

Мұндағы *кутун құмыши ер* тіркесі тікелей құтын құған ер деп айтылады. Б. Сағындықұлы «бақытын тапқан ер» деп аударған бұл тіркес құрамындағы «құт» – түркінің төл сөзі. Ал «бақыт» – кірме сөз. Бұл дерек ескерткіш тілінің тазалығынан хабардар етеді. Осындағы жекелеген сөз тіркестерінің құрамын талдау көптеген деректердің басын ашады. Мәселен, қазіргі тілімізде «сусау» сөзінің құрамындағы көнеленген **–са**, **–сау** косымшасының тұп-төркіні саналатын «say» көмекші етістігі «Ақиқат сыйында» қолданыс тапқан: *санып созлаган ер* (ойланып сөйлеген кісі). Тіркес құрамындағы «санып» сөзінің түбірі «say» көне түркі тілінде «ойлану, санау, калау, тілек» мағынасында қолданылған [4,73]. Мәселен, *етар болсаң ишини санып саңып ет* (Іс істесен, ойланып, толғанып істе) – «Ақиқат сыйы». Бұлардан басқа *таккабур тутар* дегенде дерексіз есіммен тіркесіп тұрған «тұту» сөзі қазіргі тіл білімінде конкретті зат есімдермен ғана тіркеседі.

Қабыса байланысқан сөз тіркестерін құрастыруда етістіктердің де атқарар қызметі зор. Әртүрлі іс-әрекеттің, кимылдың мәнін айқындау үшін етістіктер үйіткы сөз ретінде үстеулермен, еліктеу сөздермен еркін тіркесе береді, сонымен қатар сын есім, сан есімдермен де қабыса байланысады. Сөздердің өзара тіркесімділік қасиетінің молдығы мен аздығы ол сөздердің категориялық мағынасымен тікелей байланысты. Мәселен, сын есімдер мен есімшелер затка тән алуан тұрлі белгінің білдіретіндіктен, етістіктермен емес, зат есімдермен тіркесуге бейім тұрады да, үстеулер мен көсемшелер кимылға тән сапа мен белгілерді білдіретіндіктен етістіктермен тіркесуге икем тұрады.

Тілдік материалдарға жүгінетін болсак, зат есімдермен қабыса байланысатын сөздер қатары-

на сын есім, зат есім, есімше, есімдіктер жатады да, етістіктермен қабыса байланысатын сөздер қатарына үстеулер, көсемшелер, еліктеуіш сөздер, сан есімдер, кейде сын есімдер жатады [5,68]. Дегенмен бұл мәселе өлі де талдауды қажет етеді.

Біз сөз етіп отырған ескерткіштер тілінде туынды сын есім мен етістіктің, үстеулер мен етістіктің қабыса байланысуы кездеседі. Мәселен, «*Құтты біліктө*» *билиглиг еді* (білім еді), *утун болса* (ұятсыз болса), *билигиз тугар* (білімсіз тудауды), *ағыр келсө* (ауыр болса), *йақынлық қылур* (жакындық етеді), *узун сақынды* (катты қайғырады), *андын йуруб* (сонша жүріп), *қатығ қорқ* (катты қорық), *йаш болди* (жас көрінді), *қатуғ арзулады* (катты құмартты), *ачығ қылма* (ашы етпе), ал «*Ақиқат сыйында*»: *таңсұқ едіз болсу тен* (танданарлық болсын деп), *берк тут* (берік ұста), *сылық бол* (сыпайы бол), *ачығ болга* (ашы болады), *йоқар йоқлады* (жоғары көтерілді), *қоды чөкарди* (төмен құлдырады), *аз салын* (тез таста) т.б. түрінде тіркецен.

Бұл мысалдарда «*аз салын*» деген тіркес берілген. «*Таккабур лытасын кейип аз салын*» деген сөйлемді Б. Сағындықұлы «*Тәқаппар киімін кисен, тез таста*» деп аударады. Алайда мұндағы «*аз салын*» тіркесі салыну (бір іске салыну) казіргі тілімізде сирек те болса колданылады. Сонда бұл сөйлемдегі мағынасы «*тәқаппарлықка аз салын, көп салынба*» деген болып шығады. Міне мұндай тіркестер де сөздік қорымыздағы бірқатар мәселелердің басын ашады.

Сонымен ескерткіштер тіліндегі қабыса байланысқан тіркестердің өзіндік ерекшеліктерін талдап өттік. Алайда оларды өлі де болса сөз таптарына қатысты, оның ішінде бағыныңқы, басынқы сынарларының кай сөз табынан жасалуына байланысты, әр компонентке қосымша жалғануы, жалғанбай қолданылуы түрғысынан егежей-тегжейлі зерделеу, жүйелеу көптеген зерттеулерге өзек болатыны сөзсіз.

ӘДЕБІЕТ

1. Абдрахманов Г. Исследования по старотюркскому синтаксису (XI век). – Алматы, 1967.
2. Томанов М. Тіл тарихы туралы зерттеулер. – Алматы, 2002.
3. Ибатов А. Местоимения в казахском языке: АКД. – Алматы, 1962.
4. Тектігүл Ж. Тарихи грамматика танымдары. – Алматы, 1999.
5. Аблақов Ә., Исаев С., Ағманов Е. Қазақ тіліндегі сөз тіркесінің дамуы мен лексикалану процесі. – Алматы, 1997.
6. Сагындықов Б. XII ғасыр ескерткіші – «Хибатул хақайиқтын тілдік ерекшеліктері. – Алматы, 1983.
7. Йүгінеки А. Ақиқат сыйы. – Алматы, 1986.
8. Баласагұн Ж. Құтты білік. Аударған Егеубаев А. – Алматы, 1986.
9. Юсуф Хос Жомсіб. Кутадгу билит. – Тошкент, 1972.
10. Баласагұн Ж. Құтадғу билит. Аударған Сагындықов Б. – Алматы, 1984.

Резюме

Рассматриваются синтаксические особенности словосочетаний письменных памятников средневековья (Ж. Баласагун «Кутадгу билик», «Хибатул һакайик»), образованных способом примыкания.